











Дәуірінің дәулескері

**Кенен Әзірбаевтың туғанына –
135 жыл**


Виртуалды көрме





821.512.122
Ә36

Әзірбаев, К. Шығармалары [Мәтін]. 5 т. 1 т.
Мен сүйемін халқымды : өлеңдер, термелер,
толғаулар / Кенен Әзірбаев. ; [құраст.
Б.К. Әзірбаев]. - Алматы : Келешек, 2017. - 448 б.




Қазақ халқының айтулы ақыны, дүлдүл әншісі Кенен Әзірбаевтың шығармалар жинағының бұл томына өлеңдері, термелері, толғаулары еніп отыр. Жыр өнерінде Сүйінбайдың, Жамбылдың, ән өнерінде Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақ дәстүрлерін жалғастырған ардақты өнерпаздың мәңгі өшпес туындылары ұлттық мәдениетіміздің алтын қорына қосылған баға жеткісіз асыл қазына болып табылады.

Сонымен бірге бұл басылымға ақынның бұрын жарияланбаған бір топ өлең-жырлары еніп отырғанын айта кеткіміз келеді.



Кенен ата және қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, көрнекті қаламгер - Мырзатай Жолдасбеков.

821.512.122 Өзірбаев, К. Шығармалары [Мәтін]. 5 т. 2 т.
Ө36 Жарыстым талай елдің жүйрігімен : айтыстар мен
дастандар / Кенен Өзірбаев. ; [құраст. Б.К. Өзірбаев]. -
Алматы : Келешек, 2017. - 208 б.




Екі ғасыр тоғысында өмір сүрген, бұрын өткен ақын-жыраулар мен әншілерден қалған алтын сынықтай дарабоз өнерпаз, ақын, сазгер Кенен Өзірбаевтың шығармалар жинағының бұл томына үзеңгілес, әріптес ақындармен әр кезеңдегі айтыстары мен дастандары еніп отыр. Ақын бұрынғы айтыс өнеріндегі белгілі дәстүрлерді одан әрі дамыта отырып, өзінің ақындық шеберлігін паш етеді.

Айтыстың беташары

Ежелден ел салты бар,
Айтыс десе талпынар.
Кәрі мен жас келгенде,
Ақын қиял шарқ ұрар.
Ат қосқандай бәйгеге,
Озып келсе даңқы бар,
Жүзден жүлде алғанды,
Мадақтайтын салты бар.
Айтысқа тән жолашар,
Асыл сөздер жарасар.

Ұлы думан-жиынды,
Ақсақалды шал ашар.
Мен де ақынның бірімін,
Сөзіме жұрт таласар.
Домбырамды шертейін,
Бақытты елім қаласа.
Сол дәстүрден озбайын,
Сөз сарасын қозғайын,
Жиналғанда әлеумет,
Жыр шашуға біз дайын.

821.512.122 Әзірбаев, К. Шығармалары [Мәтін]. 5 т. 3 т. Ә36
Жан серігім, домбыра : әндер мен күйлер /
Кенен Әзірбаев. ; [құраст. Б.К. Әзірбаев,
О.К. Дүйсен]. - Алматы: Келешек, 2017. - 280 б.



Қазақ халқының дүлдүл ақыны, бұлбұл әншісі Кенен Әзірбаев шығармалары жинағының бұл томына өнерпаздың халық арасына кең тараған әндері мен күйлері еніп отыр.

Қазақтың ән өнеріндегі кешегі Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақтың дәстүрлерін лайықты жалғастыру-шысы, солардың ізін басушы болған Кенен Әзірбаев туындылары қазақ музыка мәдениетіне қосылған асыл қазына болып табылады.

Әндері

1. Базарым-ай,
Назарым-ай
2. Жұбаныш
3. Ильич
4. Күләш
5. Оразжан




Күйлері

1. Ри, қойым
2. Бұлбұл
3. Домбыра
4. Келінжан
5. Тік шырқау

Грампластинканың толық мазмұны

821.512.122
Ә36

Әзірбаев, К. Шығармалары [Мәтін]. 5 т. 4 т. Аңыздар сыры : аңыздар әңгімелер / Кенен Әзірбаев. ; [құраст. Н. Төреқұлов, Т. Кененқызы]. - Алматы : Келешек, 2017. - 404 б.



Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған дара тұлға, қазақтың ауыз әдебиетінің озық үлгілерін жырлап, жинақтап кеңінен насихаттаған ақын Кенен Әзірбаевтың шығармалар жинағы-ның бұл томына өзінің қиын да қызықты өмірі, би-шешендер, сал-серілер жайлы аңыз әңгімелері еніп отыр.

Құймақұлақ, зерек, зерделі жанның бұл туындылары өз халқымен бірге жасай бермек.

МАЗМҮНІ	
АЛҒЫ СӨЗ.....	3
КЕНЕН ӘНГІМЕШІ ЕДІ.....	4
ӨЗІМ ТҰРАЛЫ	
МЕНІң АТАЛАРҒЫМ "БЕС ЖАЛАНАҚ".....	7
ТӨЛ БАСЫ БОЛДЫ АҚ ЛАҚ.....	10
МОЛДАНЫ АЛҒАН КӨРҮМ.....	10
ӘЖІХАЯҚТЫ АЛДЫ.....	11
КҮМІС САПТЫ КЕЛДІК ІПІ ҚАРА БҮЙРА ҚОЗЫ.....	12
РӨЗІЯҒА БАЛА ТАСТАТУ.....	13
АҚ ТӨБЕТТІН АЖАЛЫ.....	13
ҚҮСТҮТІМНЕН ҚҮДА БОЛУ.....	14
ҚОЙШЫЛАР САЙЛАУЫ.....	15
УПАЙ БОРШЫ.....	16
ТҮСІМДІ.....	17
ҚАМЫСТАҢ СЫРНАЙ, ҚАЛАҚТАҢ ДОМБЫРА.....	18
ОРДАҚАҚТІН СЫРНАЙ.....	19
ЕРКЕБАЙДАН ДОМБЫРА.....	19
НАМАЛ БҮЗГАНҒЫМ ҮШІН.....	20
БЕС ЕШКІ.....	20
ОТАУБАЙ, КЕМБАЙ.....	22
МОНШАДАН ҚАНШАҒЫМ.....	24
ШӘБДАН ТӨЙІНДІ.....	26

ТҮРЛІМБЕТТІ ҚАЛАЙ ТҮСІРДІК?.....	30
НЫСАНБАЙҒА АЙТҚАНҒЫМ.....	32
МОРТАЙ СҮЛУ.....	33
ҚИРҒИ МЕН БӨЗТӨРҒАЙ.....	35
БАҒАЙ ПАЛУАННЫҢ ҚЫЗЫ.....	35
ТАРАҢШЫННЫҢ СҮЛУЫ.....	37
ЕКІ СОЛДАТ.....	38
КЕРЖОЛАҚ ДОМБЫРА.....	39
ТҮЙБЕ ЖИҒАЛЫ БАҒАҒАНДА.....	41
ҚАЖЫМУҚАНМЕН КЕЛДЕСУ.....	44
БАЛУАН ШОЛАҚПЕН КЕЛДЕСУ.....	45
ШАШУБАЙМЕН СОНҒЫ ДИДАРЖАСУ.....	47
ШЕШЕНДЕР	
ҮШ БІ.....	49
КЕБЕКБАЙ.....	50
НОҒАЙБАЙ.....	70
АСЫЛ АНАДАН.....	72
НОҒАЙБАЙДЫҢ ОСЕЛДІ СЫНАУЫ.....	81
АБАЙ МЕН НОҒАЙБАЙ.....	84
НОҒАЙБАЙ МЕН ШӘБДАН.....	90
ШОКЕ МЕН НОҒАЙБАЙ.....	95
НОҒАЙБАЙДЫ АЛҒАН КӨРГЕНІМ.....	97
БӨЛТІРІК.....	98
БЕРДІБЕК.....	102
АСПАҒОҚОРА.....	115

ТҮЛЕМІС.....	119
ЕРКЕБАЙ.....	128
БАТЫРЛАР	
СЫПАТАЙ.....	136
ҚОРДАЙ БАТЫР.....	145
ЖОЛБАРЫС БАТЫР.....	149
АҚЫН, САЛ-СЕРІЛЕР	
ДӘУРЕН САЛ ӘНГІМЕСІ.....	152
ДӘУРЕН САЛДЫҢ ҚЫЗДЫ ҚОНАҚКА ШАҚЫРҒАНЫ.....	158
ДӘУРЕН САЛДЫҢ САПАРЫ.....	161
САЛ ҚЫЗ АУЫЛЫНЫҢ СӨЛЕТІ.....	163
САЛ ҚЫЗДЫҢ САЛТАНАТЫ.....	164
«МЫСЫҚ АТАДАН.....	168
САРБАС АҚЫН.....	170
ӘЛМЕН АҚЫН.....	180
ӘМІР АҚЫН.....	188
ӘЛМЕРІН.....	192
БЕЙСЕНБАЙ АҚЫН.....	193
КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ ТАПСЫРҒАН БЕЙСЕНБАЙ АҚЫНЫҢ ОЛЕҢІ.....	194
МАЙКОТ АҚЫН.....	196
ШОКЕ МЕН КЕМПІРБАЙДЫҢ АЙТЫСЫ.....	201
КЕМПІРБАЙДЫҢ ӨЗІНЕ ӨЗІ АЙТҚАНЫ.....	207
ТЕЗЕК ТӨРЕ МЕН ЖЕТИСУ АҚЫНДАРЫ.....	208
СҮЙІНБАЙ МЕН ТЕЗЕК ТӨРЕНІҢ КЕЛДЕСУІ.....	208
СҮЙІНБАЙДЫҢ ТЕЗЕК ТӨРЕНІҢ БАЛАСЫНА.....	

ҚОҢИ АЙТУЫ.....	216
СҮЙІНБАЙДЫҢ ДҮЛАТ ЕЛІНЕ КЕЛГЕНІ.....	217
ТЕЗЕК ТӨРЕ МЕН БАҚТЫБАЙ АҚЫН.....	219
ТЕЗЕК ТӨРЕ – ТҮБЕК – ҚҮЛМАНБЕТ.....	224
ҚҮЛМАНБЕТ АҚЫННЫҢ ШӘБДАН.....	228
БАТЫРҒА АЙТҚАНЫ.....	228

ЕРТЕГІ, МЫСАЛДАР, АҢЫЗ-ӘНГІМЕЛЕР	
ҰЛЫ ЖҮЗ ЖАЙЫНДА ЕСТІГЕНДЕРІМДІ.....	
ОЛЕҢМЕН ЖАЗДЫМ.....	233
ЖАЛҒЫЗ ҚАЗ.....	237
ҮШ КЕДЕЙ.....	245
ҚАБА САҚАЛДЫ ХАН.....	247
САРБАРПЫ.....	255
БҮЛБҮЛ МЕН КӨКЕК.....	258
БАҚ, ҚЫДЫР МЕН ҰНТІМАҚ.....	260
ШОРА ҚҮСБЕТІ.....	262
БҮРЫНҒЫ ОТКЕН БАТЫРЛАР.....	270

84(5Қаз) Әзірбаев, К. Жарыстым талай елдің жүйрігімен
Ө34 [Мәтін] : (Айтыстар мен дастандар). 2 т. / Кенен
 Әзірбаев. / Әзірбаев К. - Алматы : Өнер, 2007. - 144
 б.




Айтыс пен дастан - ата-бабамыздан бізге келіп жеткен ақындық өнердің айрықша бір салалары, өте қиын түрлері; жас ақынды сөз өнеріне жетілдірер, икемдеп жол сілтейтін үлкен мектеп.

Айтыстың өлең сөзі алдымен тапқырлық, шешендікті талап етсе, **дастан** - ақынның ішкі тебіренісі мен терең толғауларының жарқын көрінісі. Өлең сөз жарысының тағдырын шешетін негізгі шарт - айтыстың әрі әдепті, өрі шыншыл, нақпа-нақ әрі көркем болуы. Ауыз әдебиетіндегі ең өткір, нақты жанрдың бірі - **айтыс** болса, көп оқиғалы, ауқымы кең, көркем тілді бір нұсқасы - **дастан** болып табылмақ.

Бұл кітап - Кенен атамыздың көптомдық шығармалар жинағының екіншісі. "Жарыстым талай елдің жүйрігімен" деген, ақынның өз өлең сөзінен алынған атаумен жарыққа шығып отыр. Кітапта автордың айтыстары және дастандары толығымен жинақталды. Жинақ әдебиетшілерге, зерттеушілер мен тіл мамандарына, жоғары және орта білім беретін арнайы оқу орындары мен жалпы ұлт мәдениетін биікке қойып қастерлейтін оқырмандарға арналады. Кенен Әзірбаев шығармашылығының алатын орны ерекше.

84(5Қаз)
Ә 36

Әзірбаев, К. Көпшілік, тыңда әнімді [Мәтін] :
(әндер жинағы) / Кенен Әзірбаев. - Тараз : Сенім,
2003. – 72 б.



Жамбыл облысы Әкімінің мәдениет басқармасы К.Әзірбаевтың 120 жылдық мерей тойы қарсаңында баспаға әзірлеген бұл жинағында әншінің ең таңдаулы әндері мен әндеріне түсінік, нотасы енгізіліп отыр.

Кенен Әзірбаев - қазақ даласының ХІХ ғасырдағы рухани жаңғыруына өз үлестерін қосқан сал-серілеріміздің ХХ ғасырдағы ең соңғы асыл тұяғы, жер жанаты Жетісуда өсіп, асқақ Алатаудан нәр алған халық ақыны, әнші, композитор, Қазақстанның өнер қайраткері.



ӘНДЕРГЕ ТҮСІНІК

«Ри, қойым». Кенен Әзірбаевтың ең алғаш шығарған тырнақалды әні. Болашақ әнші, ақын, сазгердің: Қозымды айлап жүтіріп сайға барсам, Талқан шөкер татиды шайнай қалсам. Шермді ішімдегі мен төгемін, Басмағандай жүрегім өнге салсам... деп жырлаған жас таланттың туынш шығармашылық адамы осы әнінен басталған. Бұл әнінен жоқшылық пен кедейшіліктің қорлығын ерте көрген, тек Кенен емес, сол кездегі жалпы кедейлердің өмірі емес берелі. Сазгердің жас шақтағы бұл әнін сол кездің өзінде-ақ халық ықпалмен сүсіне тыңдап, жоғары бағалауының сыры да осында. Ән сазгердің өзінің орындауында нотаға түсірілді.

«Бозторғай». Бұл әнді Кенен небәрі он бір жасында шығарған. Жас жүрегі жарып шыққан бұл әнінде де автор ертеден қара кешке дейін бай малын соңында еңіреп жүрген өзі сияқты, қойшы қоландардың мұң-мұқтаждарын жырлап еріндікті, алаңдықты көксерген. Әнінің өзі де, сөзі де бірден халық көңілінен шығып, ел арасына көңінен тарап, атағын шығарады. Қойшы Кенен енді «әнші бала» атана бастайды. Ән Кененнің өзінің орындауында нотаға түсірілді.

«Мен сүйемін халқымды». Қазақстан әдебиеті мен өнерінің қарт салаты аты жылағанда науқасынан жалылып (1952-1957 ж.), қайталанған ақына арнады. Ән ақынның өзінің ауылы халқына арнады. Ән ақынның өзінің орындауында нотаға түсірілді.

«Жайылым, тыным, жайылым». Қазақстанда тын игірудің қазу басталған кезінде, тұрсаң өнердің достық, көмекші жырлаған бұл ән кезінде жоғары бағаланып, тез тарған әні. Бұл ән де Тұртық Кеңесінің орындауында нотаға түсірілді.

«Құлашқа». СССР Халық әртісі Құлаш Байсейітова негізгіс қайтсе болғанда шығарған әні бұл ән. Кененнің 1959 жылғы туынамысы. Ән автордың өзінің орындауында нотаға түсірілді.

«Тұтан жер». Тұтан ел, өскен жерге деген өзінің ыстық ықпалмен, зор мұқатшыны білдіре жыр-ның мәдениет, өнердің 1959 жылғы туынамысы. Әзірбаевтың 75 жасқа толған мерей тойын атап өткен. Бұл әні ақын сол қуаныш үстінде айтқан.



85.94я438(5Қаз) Әзірбаев, К. Қосылған қоңыр қазға әнмен үнім
 ӨЗБ [Мәтін] : [әндер жинағы] / Кенен Әзірбаев. -
 Алматы : Қазығұрт, 2013. - 200 б.

Бұл кітапта күміс көмей әнші, даңғыл жыршы, әйгілі сазгер, ақын Кенен Әзірбаевтың музыкалық шығармалары ұсынылып отыр. Әндер автордың өз орындауында әр жылдары жазылып алынған ұнтаспалардан және сазгердің өзінен тікелей үйреніп калған перзенті ҚР-ның мәдениет қайраткері Төрткен Кененқызының орындауында домбыра аспабына лайықталып нотаға түсірілді. Ән ноталарын компьютерге түсірген ақынның немересі Мұхтар Бақытжанұлы Әзірбаев.




Жинақ кәсіби әнші, жыршыларға, жоғары және орта музыкалық оқу орындарының студенттеріне, музыка зерттеушілерге, жалпы өнерсүйер жұртшылыққа арналған.



85.94я438(5Қаз)
Ә36

Әзірбаев, К. Шырқа даусым [Мәтін] : әндер / Кенен
Әзірбаев. ; құраст. Б. Қыдырбекова. - Алматы : Өнер,
1984. - 204 б.

Қазақ халқының аса көрнекі ақыны, халық
композиторы, әнші Кенен Әзірбаевтың 100 жасқа толу
мерекесіне арналып шығарылып отырған бұл жинағына
оның ел арасына кеңінен тараған танымал әндері
енгізілді. Кенекен ұстаған өнердің өзегі әріде, тамыры
тереңде, дәлірек айтар болсақ, уақыттың өзі тұлғалады
деген алтын ескерткіштің тұғырынан бой көтеріп тұр.





63.5(5Қаз)я7
С31


Сейдімбек, А. Кенен әндері [Мәтін] / Сейдімбек А.
// Қазақ әлемі этномәдени пайымдау : оқу құралы /
Сейдімбек А. - Алматы : Санат, 1997. - 105 бөлім. -
403-414 б.

Ақселеу Сейдімбек қазақтық этникалық мәдениетіне, фольклоры мен этнографиясына ден қоя зерттеп жүрген белгілі қаламгер-ғалым. Бұл кітабында қазақтың дәстүрлі мәдениетіне, фольклоры мен этнографиясына қатысты пайымдаулар жасаған. Кітап студенттерге, қазақ тарихы мен мәдениетіне ықылас қойып жүрген мамандарға, оқырман көпшілікке арналған.

105. **КЕНЕН ӘНДЕРІ.** Ол — халықтың жүрек сөзін асыл өнер тілінде сөйлете алатын күрескерлік қасиеттер болса керек. Бұл ретте, Кенен Әзірбаевтың барша мағыналы өмірі мен арқалы өнері туған халқының тағдырымен біте қайнасып жатқанын алдымен еске алған жөн. Оның әні мен жырына, мұңы мен сырына туған халқының асыл арманы мен мұраты арқау болды. Сондықтан да оның алмастай жарқыраған алуан қырлы арқалы өнері өзі өмір сүрген заманның тозбас шежіресіндей болып, әлі талай ұрпаққа ден қойғызады. Уақыт өткен сайын Кенен творчествосындағы адам бақытын ту етіп көтерген әлеуметтік асқақ үн тұлғаланып, халқымыздың рухани өрісінде ғасырлар қабатынан көрінетін болады.

Кенен Әзірбаев қазақ халқының дәстүрлі өнерпаздығын тал бойына дарытып, екі ғасыр жапсарына, өткен мен бүгіннің арасына көпір болған санаулы саңлақтардың бірі.

85.31(5Қаз) Қазақтың дәстүрлі 1000 әні [Мәтін] = 1000
Қ17 казахских традиционных песен = 1000
kazakhs traditional songs : [комплект из 2
книг]. - Астана : [баспасыз], 2010. - 175 б. +
50 CD.



"Қазақтың дәстүрлі 1000 әні" аталатын антологияда дәстүрлі ән үлгілері бұрын-соңды болып көрмеген көлемде, барынша мол қамтылып отыр. Дегенмен, халқымыздың ғасырлар бойы тірнектеп жиған ән қазынасы осы мың әнмен шектеле қоймасы хақ.

Ән мұрасы - қазақ жанының ғасырлар көшінде шаң баспаған сырлы айнасы, халық рухының ықылымнан тіл қатқан тірі куәгері. Қазақтың жаны мен бітім болмысынан жаралған әндерінің әлемдік мәдениетке қосар үлесі шексіз екені сөзсіз.

Ғасырлар қойнауынан сыр шертіп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен тереңнен тамыр тартқан қазақтың дәстүрлі 1000 әнінің бүгінгі заманға сай сандық форматта жазылған антологиясы. 21 дискіге 500-ге жуық халық әні жазылып, нотасы мен мәтіні қосымша кітапқа шықты. Ән авторлары туралы мәліметтер, орындау-шылар жайлы деректер де үш тілде берілген.

Қазақтың ғұрыптық өлең-жырларынан бастап, әйгілі халық композиторлары шығармаларын тұтас қамтыған «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» бірегей жобасы ұлттық музыка мәдениеті тарихындағы айтулы оқиға деп бағалаймын», - деді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев антологияға қатысты білдірген пікірінде.


Әлі де болса, жоғалғанды іздеу, кемді толықтау — келешек күндердің үлесінде. Ал «қазақтың дәстүрлі әні» аталатын, көздің қарашығындай сақтар рухани асыл мұра, қымбат жәдігерлігіміздің қазіргі барын түгендеп, шашпай-төкпей, кейінгі ұрпаққа табыстау — бүгінгі біздің парызымыз.

Қазақтың дәстүрлі ән антологиясы — сол міндет-парыз мүддесінен табылар ізгі қадам, түбегейлі еңбектің көрінісі. Жинаққа еліміздің әрбір өңір ерекшелігіне бейімделген 500-ге жуық халық әндері енді. Антологияда домбыра, үш шекті домбыра, қобыз, сырнай, күйсандықтың сүйемелімен орындалған әндерді тыңдауға болады.

- Жетісу мектебінен жүзден аса ән жиналды. Осы әншілік мектептің қалыптасуына ұйытқы болған, қазақ өнеріндегі сал-серілік және айтыскерлік дәстүрді үзбей, ХХ ғасырдың 70-жылдарына дейін жеткізген **дара тұлға Кенен Әзірбаевтың** орындауында отыздан аса өз әні кірді. Одан кейін Жамбыл, Пішән, Шалтабай, Көдек, Қапез, Қырбай, Үмбетәлі, Сәдіқожа, Бармақ, Әсімхан, Көбейбай, Бұлша, Қымбат сияқты әнші-композиторлардың шығармалары, бірнеше халық әндері қамтылды.

Ақан Әбдуәлі, дәстүрлі әнші


83.3(5Қаз) Д87 *Дүлдүл еді, бұлбұл еді Кенекен* [Мәтін] : (Кенен Әзірбаев туралы естеліктер жинағы) / құраст. Т. Кененқызы]. - Алматы : Ан Арыс, 2009. - 240 б.



Өмірі аңыз, өнері өнеге болған ақын, сазгер, әнші, ғажайып талант иесі Кенен Әзірбаев жайында жазылған естелік, сын-зерттеулердің өзі әлде неше томның жүгі. Солардың бір бөлімінің басын біріктіріп отырған бұл кітаптың бедері көркем, берері ересен зор. Өсіп келе жатқан ұрпақтың руханиат әлемін байытары сөзсіз.

Халық ақыны, әйгілі сазгер, белгілі әнші, сал-серінің соңы Кенен Әзірбаев артына мол мұра қалдырған дарын. Оның айтыстары, жыр-дастандары, аңыз-әңгімелері өз алдына бір төбе болса, әндері мен өлеңдері өз алдына мол дүние. Дүниеден өткен соң да Кенен Әзірбаевтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен Алматы қаласында, облыс, аудандарда мектептер мен көшелерге Үкімет қаулысымен ақынның есімі берілді. Туған ауылында әдеби-мемориалдың мұражайы жұмыс істейді. Кенен ата туралы С. Бақбергеновтың «Бозторғай» повесі, (1961 ж.), Н.Төреңұлов пен М.Жолдасбековтың «Тоқсан толғау» атты ғұмырнама эссесі (1992 ж.), Төрткен Кененқызының «Кенен» (2005 ж.), Бақытжан Кененұлының «Әке рухымен сырласу» (2004 ж.) атты естелік эссесі жеке кітап болып шықты. Сондай-ақ, өз кезінде баспасөз беттерінде ақын жайында жарияланған ғылыми-зерттеу мақалалар қаншама.

85.313(5Қаз) Жұбанов, А. Замана бұлбұлдары
Ж86 [Мәтін] / Жұбанов А. - 2-ші бас.,
өңделіп, толық. - Алматы : Дайк-Пресс,
2001. - 440 б.




Кітапта сонау Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхиттардан бастап қазіргі ән қайраткерлері туралы әңгіме болады.

Бұл еңбек — академик Ахмет Жұбановтың көп жылдар бойында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі. Көпшілікке арналған бұл кітап аса ұғымды тілмен жазылған.

Кенен 1961 жылы ақындар айтысына қатысып, онда ақын Өтеғалиева Халимаға айқан сөзі:

*Батырым — халқым менің жол бастаған,
Бұлжытпай нұсқауларын ел қостаған.
Ақ отау Отан тіккен орда мынау,
Отанның ақынымын ойқастаған, — деп, әлі де өзінің
шығармашылық күшінің қайнап жатқанын айтты. Халиманың:
Сен бе едің Қордайдағы ақын Кенен,
Құлағым "Кенен" десе елеңдеген.
Түсімде үш ұйқтасам бар ма менің,
Кенеке, қатарыңа келем деген, — өлеңмен келіп, Кененге сөз
тастайды.*


83.3(5Қаз) Жолдасбеков, М. Тоқсан толғау [Мәтін] :
Ж69 [деректі ғұмырнамалық эссе] / Мырзатай
Жолдасбеков, Нысанбек Төреқұлов. - А. :
Өнер, 1992. - 232 б. : сур.



Бұл кітап ежелден ақындық-жыршылық, сал-серілік өнердің кеніші іспетті Жетісу топырағының Сүйінбайлар дәстүрін жалғастырушы дүлдүл перзенті, ауыз әдебиетінің кәусар тұнығынан сусындап, бойындағы тағылымды талаи-тын халық игілігіне жұмсаған ақын, композитор һәм күміс көмей, жез таңдай әнші Кенен Әзірбаевтың өмірі мен өне-рінің әр қырынан мол мағлұмат береді. Кітап авторлары Кенекеңнің көзі тірісінде өз аузынан жазып алып осынау деректі шығармада молынан пайдаланған өмірбаяндық әңгі-мелер мен шежіре, айтыстар өзінің шынайылығы, сонылы-ғымен құнды.


Кітап халқымыздың өнері мен өнерпаздарын құрмет тұтатын барша оқырман қауымға арналған.

85.313(5Қаз)я722 Қожахметұлы, Е. Қазақ халқының ән өнері
Қ 56
[Мәтін] : оқу құралы / Қожахметұлы Е. -
Астана : Фолиант, 2009. - 120 б.



Оқу құралында қазақ халқының суырыпсалмалық негізінде туған эпикалық жанрлары, атап айтсақ, тұрмыс-салтқа қатысты әндер, жыр, толғау, терме, лирикалық және тарихи әндер қамтылған. Халқымыздың ақын, әрі әнші-композиторлары Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Абай, Кенен, т.б. дарын иелерінің өмірі мен шығармашылығы жайлы мағлұмат.

Оқу құралы педагогикалық және музыкалық колледж-дердің оқушыларына арналған.





Кенен Әзірбаевтың нақыл сөздері

Кенен Әзірбаев (1884-1976) - қазақтың әйгілі халық ақыны, композитор. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. Туып-өскен жері - Жамбыл облысының Қордай ауданындағы Мәтібұлақ деген өңір.

Есті кісі ерегеспейді,
Көпшіл адам бөлек ішпейді.

Қазанат қамшы тигізбейді,
Азамат жоғын білгізбейді.

Бойкүйез, арамтамақ жатып ішер,
Жаман дерт осы бастан сақтаныңдар.

Ұялмайтын бетке,
Талмайтын *жақ береді

Адал еңбек ердің досы,
Бақ іздеудің жолы осы.

Кесірлі адам кер болады,
Кемеңгер адам кең болады.

Бір әңгімесінде әйел затын бес топқа бөліп беріпті: «Алтын әйел - күйеуімен қайда болса да бірге жүретін, бір елі қалмайтын, көлін қорғаған қызғыштай, күміс әйел - күйеуі қай жерде жүрсе де, «аман жүрсе болды» деп, үйінде шаруасын түгендеп, тілеулес болып отырады, темір әйел - «айтқанымнан қайтпаған» деген, көмір әйел - үй-іші ыбырсып, шашылып, есік алды кір-қоқыс боп жататын, ал жез әйел - бүгін мынамен, ертең анамен болсам деген жезөкше әйел». Әншілік, сазгерлік, ақындығынан бөлек, афоризм болатындай, кесек ойлар қалдырған қазына қарт.

Кенен Әзірбаевтың өмірі мен шығармашылығындағы тарихи кезеңдер:

1884 - 19 маусымда Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Мәтібұлақ ауылында дүниеге келген.

1894 - он жасында қолына домбыра алып, той-жиындарда ән сала бастаған.

1897 - 13 жасында тұңғыш әні «Бозторғайды» шығарды. Бала Кененнің аты қырғыз-қазаққа мәлім бола бастады. Жасөспірім әншіні «Боздаланың бозторғайы» деп атады.

16-17 жасында шығарған «Көкшолақ» әні Кененнің даңқын арттыра түсті.

1904 - атақты қырғыз манабы Шәбденнің асында өзінің «Көпшілік, тыңда әнімді» деген әнін шығарды.

1914 - Жетісуға келген Арқаның атақты әншісі Балуан Шолақтың жанына еріп жүріп, 12 әнін өз аузынан үйренеді.

1916 - Әли Нұрғожаев бастаған халық көтерілісіне қатысты. Осы жылдары «Аттаныңдар!», «Бұлбұлға», «Қайран елім қайда?» деген әндерін шығарды.

1919-1922 - Қордай аудандық революциялық комитетінің төрағасы қызметін атқарды. «Шаңқ етпе», «Жас екпін», «Екпінділерге» деген әндері дүниеге келді.

1922 - ақынның Базар-Назар деген екі ұлы бірдей бір күнде шешек ауруынан қайтыс болады. Қатты қайғырған ақын өзінің «Ақ ешкінің зары» деген атақты жоқтау әнін шығарады. Кейін бұл ән халық арасына «Базар-Назар» деген атпен тарап кетті.

1931-1933 - ұжымдастыру саясатының куәгері болды.

1932 - жұбайы Нәсиха және қызы Ұлтаймен қырғыз ағайындарды паналауға мәжбүр болды.

1934 - Төрткен атты қызы дүниеге келді. Оның азан шақырып қойған аты - Төрткемпірбіршал.

1934 - Түрксіб теміржолында көшпелі театрда әнші болған.

1936 - тұңғыш рет Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігіне қатысты.

Кремльдің үлкен сарайында «Жаңа заң» деген әнін орындады.

1937 - Жамбыл Жабаевпен Кавказға сапар шегіп, Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасының 750 жылдығына арналған мерекеге қатысты.

1937 - КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды.

1937 - О.Жандосов досына арнаған «Оразжан» деген қоштасу әні үшін қамауға алынды. Алматы қаласының түрмесінде 5-6 ай отырып шықты.

1939 - ақын ұлды болады. «Базар-Назар ұлдарыңның өтеуі» деп ұлы жырау Жамбыл Жабаев ақынның тұрған жері Иірсуға арнайы келіп, батасын берген. «Көркемжан» деп атын қойған.

1939- әнші-композитор К.Әзірбаев КСРО Композиторлар одағының мүшесі болды.

1940 - Мәскеуге барып, КСРО Халық әртісі, композитор Р.М.Глиердің бастамасымен ашылған әнші-композиторлар курсына қатысты.

1941-1945 - Ұлы Отан соғысы кезінде домбырасын қолына алып, күндіз-түні халқының ортасында болды. Алапат соғыстың бірінші күні-ақ «Біздің Отан жеңеді!» деп саңқ ете қалған ақынның даусы бүкіл қазақ жерін шарлап кетті.

1945 - 1 қаңтарда «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

1945 - ұлы ұстазы Жамбыл дүние салғанда ұзақ жоқтау жырын айтқан. Кейін осы жырын толықтырып, «Жамбыл - жыр» атты дастанын жазды.

1945 - 5 шілдеде екінші ұлы туды. Көркемжанға ұқсатып, атын «Бақытжан» деп өзі қояды.

1947 - Мәскеу қаласының 800 жылдық мерейтойына қатысты. Осы мерекеге арнап «Батыр Москва» деген әнін шығарды.

1948 - Ақтамақ атты қызы дүниеге келді.

1948 - Қазақстан композиторларының I съезін ашты.

1952 - қызы Ақбілек өмірге келді.

1959 - ақынның 75 жылдық мерейтойы Қордай жерінде өтті. Тойды қазақтың біртуар азамат жазушысы Сәбит Мұқанов басқарды. Осы мерекеге орай ақынға екінші рет «Құрмет белгісі» ордені берілді.

1960 - ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен бірге Мәскеуде өткен Шығыс фольклорын зерттеушілердің дүниежүзілік XXV конгресіне қатысты. Осы алқалы жиында «Қобыланды» жырындағы «Тайбурылдың шабысы» үзіндісін аса шеберлікпен орындап шықты.

1961 - 8 ақпанда Қазақ КСР-інің халық ақыны деген құрметті атақ берілді.

1964 - 80 жылдық мерейтойы республика көлемінде атап өтілді. Осы жылдары ақын «Бес қуаныш», «Қайран, жастық», «Қазақстан аймағы» деген әндерін шығарды.

1967 - 28 қазанда «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

1974 - 90 жылдық мерейтойы Қордай тауының етегінде өтті. Қарт ақынның кеудесіне ең жоғарғы награда - Ленин ордені тағылды.

1976 - 12 сәуірде дүниеден озды. Оның мәйіті өзі тұрған сол елді мекенге қойылды.

Қазіргі таңда ол Кенен ауылы деп аталады.

1981 - Кенен ауылында ақынның әдеби-мемориалдық мұражайы ашылды.

Бақытжан КЕНЕНҰЛЫ, ақынның ұлы:

— Әкем Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Хамит Ерғалиев, Тайыр Жароковтармен сыйлас болған. Олардың көзі жоқ болса да, ұрпақтарынан естелік алдық. Ораз Жандосовтың баласы Санжар Жандосов ұлының атын Кенен атаның құрметіне Кенен деп қойған. Сол Кененді тауып алып, сөйлеттік. Осындай тың дүниелерді табуға тырыстық. Жиналған материал сегіз сағатқа жетеді, бірақ ол - болашақтың ісі. Әкемнің әндерінен айтқан «Алтын қорда» концертім бар. Үлкен жиын-тойларда әндерін, термелерін айтам. «Екі Кенен болмайды, Алатауға ексең де» дегендей, ол кісідей болмасақ та, өнерін насихаттау жағында жүрміз. Әкеміздің «Ауылынан ғашық жардың аттанарда», «Ерлі-зайып» өлеңдеріне ән шығардым. Ол кісінің 61 жасында көрген ұлының кенжесімін. Балаларға айғайлап ұрысуды білмейтін. Айтарын дастарқан үстінде өлеңмен-ақ ақтарып салатын. «Қарағым, мен халық ақынымын, халық ақыны болған соң, менің балаларым да халықтың ішінде жүруі керек. Менің атымды пайдаланып, өздеріңді биік ұстамаңдар» дейтін.



55 жыл бірге өмір сүрген жұбайы Нəсиха



Алматыдағы Кенен ақын ескерткіші



К. Əзірбаевтың әдеби-мемориалдық мұражайы



Ақынның ұрім-бұтағы

Сағындым Кенен атамды

Алатаудың сен-дағы бұлбұлы едің,
Озып келер жарыстан дүлдүлі едің,
Кенеке.

Сүйінбай мен жамбылдың орнын басқан,
Қазағымның сен-дағы бір гүлі едің,
Кенеке.

Қайырмасы:

Желбіреген ақ күміс,
Сақалыңды сағындым.
Жайлауындай даланың,
Шапаныңды сағындым.
Өн мен күйдің кені екен,
Айналайын берекем.
Шырылдаса бозторғай,
Сен екен деп қаламын.
Ақ сақалды абызды,
Кенекем деп қаламын.

Шілдедегі нөсердей шаңды басқан,
Сағынды елің әніңді - мәңгі дастан,
Кенеке.

Күн күлімдеп шыққанда көкжиектен,
Дауысыңды аңсаймын таңға ұласқан,
Кенеке!

Қайырмасы:

Алтынбек Қоразбаев

МЫРЗАТАЙҒА

Сағынып сәлем жаздым

*Мырзатайға,
Жігітсің сөзге шешен, тілің майда.
Қормалы, қорғаушы боп ақындарға,
Маған да көп еңбек қып тиді пайдаң.
Өз жүзін көрсеткендей, өз келбетін
Жігітсің алтын сөзді, асыл айна.
«Түтпейді түбі бірге» деген халық,
Таныттың өнерімді көп жамайға.
Отырмын нардай шөгіп бір орында,
Тағдыр мен кәрілікке бар ма айла?!
Тілектес аман-есен жүргеніңе
Отырған Кенен атаң терең ойда.*

Бұл өлеңді 1976 жылдың
наурыз айында жаздыртқан.

Мен оны Мырзатайға
жеткізгенше сол
жылдың 12 сәуір күні
Атам қайтыс болды.

Ән кемеңгері - Кенен.
Кенен өзінің болмыс-бітімін
мәңгі
өлмес, өшпес ән-жырымен
сомдап кетті.

Шолпан Даржанова
Т.Жүргенов атындағы Қазақ
ұлттық өнер академиясының
Менің ұстазым *аға оқытушысы*


Кәсібім жастайымнан ән мен өлең,
Әзірбай әкем екен, атым Кенен.
Өнерім бойымдағы жалғыз осы,
Сұрасаң сырыңды айт деп халқым
менен.

Анам Ұлдар әнші екен, әкем де ақын,
Ұстазым Сарбас ақын дүрілдеген.
Шашубай мен Шолақтың әнін естіп,
Мен де сондай болсам деп
дүрілдегем.

Ақындардың дүлдүлін сонда көрдім,
Даусын естіп Жәкеңнің күмбірлеген.
Қырғыздың Тоқтағұл мен Қалмырзасы.
Еліктіріп әкетті жырыменен.

Кенен Әзірбаевтің көптеген
шығармаларын аудармашы Бақытжан
Қанапиянов орыс тіліне тәржімалаған.
Таңдамалы шығармаларының 2 томдығы
және «Шырқа, дауысым», орыс тілінде
«Песни гор и степей» кітаптары жарық
көрді. Деректі кино-телефильмдер
түсірілді. Кенен Әзірбаевтің есімі
Жамбыл облысы Қордай ауданындағы
Қасық орта мектебіне, Алматы
қаласындағы бір көшеге, Тараз
қаласындағы кинотеатрға берілген.

Алматы консерваториясының және
Шымкент мәдениет институтының үздік
студенттері үшін Кенен Әзірбаев
атындағы степендия берілген. Жамбыл
облысындағы ақын ұзақ жылдар бойы
тұрған Кенен ауылында Кенен
Әзірбаевтің музей-үйі жұмыс істейді.
Екі мәрте Ленин ордені, Еңбек Қызыл
Ту, екі мәрте «Құрмет Белгісі»
ордендерімен және көптеген
медальдармен марапатталған.



Назар аударғандарыңызға
рахмет!

*Виртуалды көрме
Тараз қ. ОККЖ
Ақпараттық-библиографиялық
қамтамасыз ету бөлімінде жасалды.*

libr.e-taraz.kz